

М.М. Молдаханова¹

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: moldakhanovam@list.ru)*

¹ORCID 0009-0003-9342-1110

Ерекше қажеттілігі бар студенттерді ЖОО-да оқуға бейімдеу кезеңінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі

Бүгінгі таңда еліміздегі жоғары оқу орындарында ерекше қажеттілігі бар студенттер санының артуына байланысты университетке бейімдеу, оларға қолайлы орта қалыптастыру мәселесі өте өзекті. Бұл мәселенің оңтайлы шешімі ретінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесінің маңызы ерекше. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі психологиялық қолдау көрсету, ассистент, тьютор қызметтерін ұсыну, қолайлы оқу ортасын құру, бейімдеу және студенттер қауымдастығына интеграциялау бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Жүйелі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің оқу үлгерімін арттыруға және психологиялық әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Мақаланың мақсаты — ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың қажеттілігі негізінде олардың жоғары оқу орындарында бейімделуінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделін әзірлеу. Кешенді сүйемелдеу бағдарламасын енгізу инклюзивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, онда әрбір студент өз әлеуетін іске асырып, жоғары білім беру жағдайларына сәтті бейімделе алады. Сонымен қатар батыс елдеріндегі ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің заманауи тиімді тәсілдеріне салыстырмалы талдау жасалады. Бейімдеу процесі ерекше қажеттілігі бар студенттердің университет өміріне толық қатысуы, әлеуметтенуі, оқытушылар мен басқа да білім алушылармен жақсы қарым-қатынас орната алуына мүмкіндік береді. Мақаланы жазуда ғылыми зерттеудің эмпирикалық (диагностика, сауалнама) және теориялық (талдау, модельдеу) әдістері қолданылған. Мақалада педагог ерекше қажеттілігі бар студенттерді университетке бейімдеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі әзірленіп, ұсынылды.

Кілт сөздер: психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, студент, инклюзия, бейімдеу моделі, ЖОО, ассистент, тьютор, педагог-психолог.

Kipicne

Жаһандық білім беру трендінде «білім қоғамын» құру білімнің қолжетімді, баршаға ортақ және болашақтың сын-тегеуріндерін еңсере алатын ұрпақ тәрбиелеу принципіне негізделеді. Қоғамның кез келген өкілі үшін білімнің тең қолжетімділігі басты назарда болғандықтан, ерекше білім беру қажеттілігі бар азаматтарды әлеуметтік ортаға бейімдеп, білім алуына ықпал етуіміз керек.

Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінде әртүрлі қажеттілігі бар студенттер білім алуда. Бұл студенттерге қолайлы орта қалыптастырып, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетпей, инклюзивті үдеріске айтарлықтай өзгеріс енгізе алмаймыз. Сондықтан да жоғары оқу орындарындағы ерекше қажеттілігі бар студенттерді (бұдан әрі — ЕБҚ) оқыту, бейімдеу, әлеуметтендіру және психологиялық-педагогикалық қолдау моделін қалыптастырудың ғылыми маңыздылығы бар.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету — ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқыту мен дамытудың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасаудың ұйымдастырылған қызметі. ЕБҚ студенттерді университетке бейімдеу процесі өте күрделі әрі маңызды процесс. Бұл қарым-қатынас «түсіну қатынасы» принципіне негізделеді және ол кедергісіз жүргізілуі керек [1; 115]. Себебі, бұл бірнеше кезеңді қамтиды және нәтижесінде студент ортаға бейімделіп, толыққанды білім мен мамандық алып шығуы керек.

ЕБҚ студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша кеңес беру орталықтарының болуы, қолдау және тренингтер өткізу қарастырылса, педагогикалық қолдау бағытында қажеттіліктері бойынша жеке оқыту жоспарын әзірлеу, тиімді қарым-қатынас орнату мен тьюторлық қолдау ұйымдастыруды ұсынылады. Бұл ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылдың 29 қыркүйектегі бұйрығы негізінде студенттер үшін оқу процесінде қиындық тудырмайтын интегративті кеңістік қалыптастыруды және қолдауды қамтиды [2]. Бұл ерекше қажеттілігі бар білім алушылар үшін арнайы тьютор мен педагог-психологтың үйлесімді қызметімен байланысты. Ол білім алушыға

жоғары оқу орнына бейімделу кезеңіндегі қолдаудан бастап коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру мен кедергілерді жеңуге көмектеседі. Ендеше әлем елдеріндегі және отандық университеттердегі ерекше қажеттілігі бар студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тәжірибелерімен бөлісеміз.

Ең алдымен әлем елдеріндегі инклюзивті білім беру жүйесіндегі ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ, көптеген елдерде ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзіндік саясаты қалыптасқан. Атап айтқанда, Германияда 2008 жылдар бері инклюзивті білім беру саясаты белсенді түрде жүзеге асырылады. Дуйсбург-Эссен және Еркін Берлин университетінде тьюторлық пен ассистенттің қызметін ішінара университеттің кеңес беру қызметі орындаса, Гейдельберг университетінде ерікті студенттерден құралған «шефтік қызмет» (шефстов) жобасы бойынша күнделікті көмек көрсету қызметін орындайды [3; 81]. Сонымен қатар, мұндай санатқа жататын студенттерді жұмысқа орналастыру мәселесі де оңтайлы жолға қойылған. Гейдельберг университетінде «Карьер» орталығы жұмыс берушілермен келісімге отырып, түлектерді жұмысқа орналастыруға байланысты кеңес беру қызметін жүзеге асырады.

Ұлыбританияда инклюзивті білім беру моделі жақсы қалыптасқан. Оған дәлел ретінде келесі мәліметті ұсына аламыз: Лондон университетінде тьюторлық пен ассистент штаттық қызмет ретінде ұсынылған және студенттерге көмек көрсететін арнайы бөлім қызметі жүзеге асырылады. Сонымен қатар студенттерге жәрдемақы тағайындалған, ол өз курстасын ассистент ретінде жалдауға мүмкіндік береді [2; 84]. Осылайша, Германия мен Ұлыбритания тәжірибелерін зерттеу барысында жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берудің кешенді моделінің қалыптасқанын білуге болады.

Ресей Федерациясында ерекше қажеттілігі бар студенттерге қолдау көрсетуді Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті (бұдан әрі — ММТУ) мысалында қарастырдық. Аталған университетте аталған санаттағы студенттерге психологиялық қолдау, бейімдеу, кеңес беру, спортқа баулуды жүзеге асыратын «Денсаулық орталығы» (Центр здоровья) құрылып, «peer-to-peer education» принципі бойынша жұмыстар атқарады [4; 315].

Зерттеу мақаласы аясында еліміздегі 8 жоғары оқу орындарында ерекше қажеттілігі бар студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау жобаларына сараптама жасалған болатын. Ең алдымен КИМЭП университетінің студенттерді қолдау ережелерімен танысу барысында «Академиялық қолдау орталығы» жұмысының жақсы жүйеге қойылғаны анықталды. Ал Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ЕБҚ студенттер үшін тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу принципіне негізделген. Яғни, студенттер үшін әлеуметтік-психологиялық көмек, волонтерлік және ассистент қызметтері қарастырылған. Бұл жұмыстардан бөлек университет жанынан «Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығы ашылып, ЕБҚ студенттерін бейімдеу, оқыту мен ықпалдастыру жұмыстарын жүйеле түрде жүргізеді.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында ЕБҚ студенттері үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі бейімдеуден бастап, университетте оң көзқарасты қалыптастыру, психологиялық-профилактикалық тренингтер өткізу, қоғамдастыққа тарту және кәсіби даярлау бағыттарында жұмыстарды жолға қойған. Ал Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ЕБҚ студенттерді қолдауды логопед, психолог, тьютор мамандармен қамтамасыз етілген «Инклюзивті білім беру» кабинеті арқылы жүзеге асырса, Абай атындағы ҚазҰПУ мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті базасында инклюзивті және арнайы білім беру дамыту орталықтары өз жұмыстарын ЕБҚ студенттерін қолдау, интеграциялау бағытында жүзеге асырады. Сонымен қатар, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ЕБҚ студенттерін бейімдеу жұмыстары бойынша арнайы ақпараттық бөлім жұмыс жасайды. Мұндай студенттерге психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің арнайы қолдау жүйесі бар және қажеттілікке байланысты кабинеттер де қарастырылған.

Зерттеуші З.М. Садвакасованың әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің ЕБҚ студенттерін бейімделу тәжірибесімен танысу барысында «тәуекел тобындағы» студенттермен жұмыс нәтижесін ұсынады. Аталған университетте ЕБҚ студенттерін бейімдеудің «Тьютор», «Педагогикалық қолдау», «Кеңес беру», «Жол картасы» және «Әлеуметтік үлгілеу» технологияларын қолданып, оң нәтижеге ие болған [5; 57]. Аталған университеттердегі ЕБҚ студенттеріне бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағытындағы жұмыстардың бір жүйеге қойылғандығы және осы бағыттағы арнайы қолдау орталықтардың бары қоғамда инклюзивті білім беруге деген оң көзқарастың қалыптасқанын білдіреді. Ерекше қажеттілігі бар студенттерді университет

кабырғасында бейімдеу процесі оқытушылардың және басқа да қызметкерлердің (педагог-психолог, тьютор, педагог-ассистент) т.б. ерекше назарында болады.

Бүгінгі таңда еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында ерекше қажеттілігі бар студенттер білім алуда. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарында Болон процесінің параметрлерін іске асыру туралы 2021 жылға арналған талдамалық есебінде инклюзивті білім алушы студенттер (бакалавр, магистратура, докторантура) туралы мәліметтер берілген. 2019-2021 жж. бойынша ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың өсу динамикасы: 2019-2020 жж. — 1685 білім алушы, 2022-2021 жж. — 1940 білім алушы, 2021-2022 жж. — 2172 білім алушы анықталған [6; 36]. Талдамалық есеп мәліметтері бойынша еліміздегі ерекше қажеттілігі бар білім алушылар санының артқанын байқаймыз. Демек, бұл еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруді, арнайы жобалар негізінде дұрыс жолға қоюды және тәжірибеден өткенін іске асыруды қажет етеді. Бұл қажеттілік еліміздегі жоғары оқу орындарында ЕБҚ студенттерді бейімдеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделін әзірлеуге бағыттайды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу мақаласының мақсатына жету үшін ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалып, қажеттілікті анықтауда диагностика үшін сауалнама жұмыстары жүргізілді.

Ерекше қажеттілігі бар студенттерді бейімдеуде психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсету көптеген ғалымдар тарапынан зерттеліп, теориялық және практикалық тұрғыдан алғышарттары жасалған. Ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың жоғары оқу орындарында бейімделу, кедергілерді жою, әлеуметтік және кәсіби дағдыларын дамыту мәселелері бойынша қажеттіліктері кеңінен қарастырылған.

ЕБҚ студенттерді оқу орнына бейімдеу мәселесі ресейлік ғалым п.ғ.д. Г.П. Максимованың еңбегінде көрініс тапқан. Автор бұл санаттағы студенттердің оқу орнына дейінгі дайындықтарының әртүрлі болуына байланысты оларды жаңа ортаға бейімдеуге мүмкіндік беретін іс-шараларды жүйелі түрлі ұйымдастыруды қолдайды [7; 17]. Ал автор А.С. Миронов бұл іс-шаралардың жүзеге асырылуына қатысты пікірінде кешенді жоспар құру мен арнайы мамандарды тартуды көздейді. Ол білім алушыларға инклюзивті оқытуды енгізу үшін қауіпсіз білім ордасы мен арнайы тьюторларды тарту арқылы мәселені оңтайлы шешудің жолын ұсынады [4; 312]. Әрине, екі автордың да ойлары студенттерге қолайлы орта қалыптастыруды көздейді. ЕБҚ студенттердің бейімделу мәселесі бойынша өз зерттеулерін ұсынған Н.Н. Дарьенкованың мақаласында ол оқу, тәрбие және оқу-кәсіби бағыттағы барлық іс-әрекеттерді қамтуы тиіс [8].

Батыс Еуропа елдеріндегі инклюзивті жоғары білім беру жағдайы туралы Н.В. Карпушкинаның мақаласында құнды мәліметтер кездестірдік. Автор Германия мен Ұлыбританиядағы ерекше қажеттілігі бар студенттерді қолдау, бейімдеу, жұмысқа орналастыру бойынша жасалатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бірнеше моделін ұсынады [3; 79]. Ал п.ғ.к., доцент Л. Саратикян ЕБҚ студенттеріне қолдау көрсетуде әдістемелік қолдау көрсетуде арнайы нұсқаулықтар даярлауды ұсынады [9; 160].

Отандық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, қажетті ақпараттарды жинақтадық. Атап айтқанда, мақала тақырыбы бойынша зерттеу жүргізген профессор А.С. Мағауованың еңбегінде жоғары оқу орындарында білім алушы ерекше қажеттілігі бар студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің моделін ұсынады. Автор ұсынған модельде теориялық, практикалық жұмыс түрлері мен әдістерін және жүзеге асыру түрлері де бар. Сонымен қатар, тьютор мен педагог-психологтың сүйемелдеу қызметтерін бөліп көрсетеді [10; 67].

Ерекше қажеттілігі бар студенттердің кәсіптік дағдыларын дамыту мәселесі отандық зерттеушілер Е.Д. Калининченко мен А.Қ. Қабдулованың мақаласында қарастырылады. Авторлар колледж студенттері арасында тәжірибе жүргізіп, инклюзивті жұмыстар бойынша бірқатар мәселелерді атап өтеді: кәсіптік оқытудағы қиындықтар, дефектолог мамандар жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы мен ата-аналардың инклюзивті білім беруді қабылдауға дайын еместігі т.б. [11; 114]. Осылайша, ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі ЕБҚ студенттерін бейімдеудің теориялық және практикалық негізі қаланғаны анықталды.

Ғылыми зерттеудің эмпирикалық әдісі бойынша қажеттілікті анықтауды Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама алу арқылы жүргізілді. Лайкерт шкаласы америкалық әлеуметтік психолог Анисис Лайкерт атымен байланысты және әлеуметтік зерттеулерде нәтижелі болатын сауалнама болып табылады [12]. Сауалнамаға жоғары оқу орындарында бакалавр, магистратура және

докторантура білім деңгейлері бойынша білім алушылар қатысты. Қатысушыларға ұсынылған сұрақтар ЕБҚ студенттерін бейімдеу мәселесі, педагог-психолог және тьютор қызметтері мен әлеуметтендеру бағыттарын қамтыды. Сауалнама нәтижелері мақаланың зерттеу нәтижесінде ұсынылған.

Нәтижелер және оларды талқылау

Ғылыми мақалада инклюзивті білім берудің дамыған елдеріндегі халықаралық тәжірибеге сүйеніп және отандық жоғары оқу орындарындағы қолдау қызметтеріне шолу жасай отырып, ЕБҚ студенттерін бейімдеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі дайындалды. Модельдеу — мәтіннің мазмұнын көрнекі түрде игеру үшін ұсынылатын сызба. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады: I кезең — жобалау; II кезең — нысанды модельмен ауыстыру; III кезең — зерттеу; IV кезең — ақпарат алу; V кезең — модель туралы білімді түсіндіру; VI кезең — нәтижесі. Осы кезеңдерді сақтай отырып, модель әзірленді [13; 18]. Ол үшін қажеттілікті анықтауда сауалнама алынып, білім алушылардың көзқарастары мен назар аударылды. Сауалнама жұмысына әр түрлі университеттерде оқитын бакалавр, магистратура және докторантура білім беру деңгейіндегі 39 білім алушы қатысты. Қатысушылар туралы мәлімет 1-кестеде берілген.

1 - к е с т е

Сауалнамаға қатысушылар туралы мәлімет

№	Қатысушылардың білім деңгейі және саны			Жас мөлшері		
	бакалавр	магистратура	докторантура	18-23	24-28	29-33
1	19	12	8	21	10	8
	Барлығы: 39					

1-кестедегі мәліметтер бойынша қатысушылардың басым бөлігі бакалавр білім деңгейінің студенттері. Олардың нақты саны — 19, ал жас мөлшері жағынан 18-23 жас аралығындағылардың саны — 21 болды. Сауалнама Google форма арқылы онлайн түрде жүргізілді.

Қажеттілікті анықтауға арналған сауалнама екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде респонденттер өздері білім алатын оқу орындағы ЕБҚ студенттерінің бейімделуіне қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне қатысты сауалдарға жауап береді, ал екінші бөлімінде «бейімделу» көрсеткішін анықтауда оқу процесі, оқытушылардың көзқарасы мен басқа студенттермен қарым-қатынастарына қатысты сұрақтарға жауап береді. Сауалнамаға қатысу өздерінің ерікті қатысулары бойынша жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша нәтижелер 1-диаграммада берілген.




1-диаграмма. Лайкерт шкаласы бойынша қажеттілікті анықтау сауалнамасының нәтижесі

Сауалнама жұмысы бойынша респонденттердің 13%-ы университеттерінде ЕБҚ студенттеріне бейімдеу, қолдау орталықтары бар және жұмыс жасайтынын белгілеген; 18%-ы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жүргізілетінін белгілеген. Респонденттерден бейімделу кезеңіндегі тренинг пен семинарлардың өткізілуіне қатысты қойылған сұраққа қатысушылардың 20%-ы «оң» жауапты белгілеген, ал 14%-ы қатысушы жеке кеңес беру жұмыстарының жүргізілетінін белгілеген. Демек, өздері білім алатын ЖОО-да ЕБҚ студенттер кеңес алу қызметіне жүгінетінін білуге болады. Респонденттердің 23%-ы педагог-ассистент және тьютор қызметтерінің жүйелі жүргізілетінін


белгілеген. Бұл жерде тьютор қызметі ЕБҚ студентті жеке қолдау, қиындықтарын жеңуге көмектесу. Сонымен қатар, қатысушылардың 12%-ы ЕБҚ студенттеріне арналған жеке оқу бағдарламаларының барын белгілеген. Бұл сауалнама арқылы жоғары оқу орындарында студенттердің бейімделуіне қажетті академиялық, әлеуметтік және психологиялық қызмет түрлерінің ұйымдастырылуы анықталды. Сауалнама нәтижелері 1-диаграммада көрсетілген.

Сауалнаманың келесі бөлімі «Бейімделу» көрсеткішін анықтау бойынша жүргізілді. Нәтижесінде қатысушылардың басым бөлігі оқытушылардың оларға деген 70% «оң» көзқарастың барын белгілеген. Демек, ЖОО-да инклюзивті білім беруге деген жұмыстардың басым бөлігі оқытушылар тарапынан жақсы жолға қойылғаны белгілі. Бірақ респонденттердің 12%-ы оқу ғимаратында «мазасыздық» көрінісінің барын жасырмады. Демек, бұл бағытта мазасыздық деңгейін төмендетуде жұмыстар жасауды қажет етеді. Қатысушылардың 8%-ы оқу процесінде сабақ айтуға, өз ойларын білдіруге қиналатынын жеткізген. Бұл бағытта да ЕБҚ студенттерін қолдау мен әлеуметтендіру бағытында жұмыстарды жүйелі түрді жүргізудің қажеттілігін білдіреді. Ал қатысушылардың 10%-ы қарым-қатынас деңгейінің жақсы екендігін білдіреді. Сауалнама нәтижелері 2-диаграммада берілген.



2-диаграмма. «Бейімделу» көрсеткішін анықтау бойынша алынған сауалнама нәтижесі

Лайкерт шкаласында анықталған қажеттілік пен бейімделу көрсеткіші бойынша ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі жасалды (1-сурет).



1-сурет. ЕБҚ студенттерін ЖОО-да бейімдеудің психологиялық-педагогикалық моделі

Лайкерт шкаласы бойынша анықталған қажеттілік шеңберінде, сонымен қатар Ресей Федерациясы мен батыс елдеріндегі ЕҚБ студенттерді жоғары оқу орындарына бейімдеудің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі бойынша мақсаты, міндеттері, бағыты, қағидаттары, әдістері мен кезеңдері анықталды. Сонымен қатар, педагог-психолог пен тьютор қызметіне сипаттама берілген. Ең алдымен бейімделу кезеңдерін тоқталып өтеміз. Бұл кезеңде ЕБҚ студент жаңа ортаға сәтті бейімделіп, оқу үдерісінде табысқа жете алады.

Модель бойынша бейімдеу кезеңіне қатысты келесідей сипаттама ұсынылады:

Алдын-ала дайындық — ЕБҚ студентке оқу орны туралы ақпарат беріледі. Қолдау қызметі мен ресурстар туралы мәлімет ұсынылады.

Бастапқы дайындық — бұл кезеңде кеңес беру орталықтары, психологиялық қызметтер мен тьюторлармен байланыс орнатылады. Жоспар құрылады.

Қолдау көрсету — бұл кезеңде педагог-психолог ЕБҚ студенттің қажеттілігі бойынша тұрақты түрді кеңестер беріп, қолдайды және бақылау жасап отырады.

Өздігінен оқу және дамыту — бұл кезеңде студент өзінің психологиялық, оқу дағдыларын тұрақтандырып, өзін дербес басқаруды үйренеді. Болашақ мамандығы туралы ойлайды.

Кері байланыс — бұл кезеңде ЕБҚ студенттің бейімделу бойынша пікірі тыңдалады, қажет болған жағдайда жоспарға өзгеріс енгізіледі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге жүйелі және жан-жақты қолдау көрсету олардың жоғары оқу орындарында сәтті бейімделуіне және өз әлеуетін толықтай жүзеге асыруына көмектеседі.

ЕБҚ студенттерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде тьютор мен психологтың атқаратын рөлі маңызды. Сондықтан да олардың бейімдеу кезеңіндегі рөлдеріне сипаттама береміз.

Тьютор (ағылш. «Tutor», қазақша «жәрдемші», «жетекші») — оқу процесін басқаратын педагог-тәлімгер [14; 5]. Инклюзивті білім беру жүйесінің енгізілуімен тьюторларға деген сұраныс артты. Бүгінде еліміздегі кез келген орта, техникалық және жоғары оқу орындарында тьютор қызметі кеңінен пайдаланылады.

Тьютордың ЕБҚ студенттерін университетке бейімдеу кезеңіндегі атқаратын қызметі мен міндеттерін зерттеуші К.В. Поповтың мақаласын негізге ала отырып анықталды [15]. Бұл төмендегі 2-кестеде берілген.

2 - к е с т е

Тьютордың ЕБҚ студенттерді бейімдеудегі қызметі мен міндеттері

Міндеттері	Қызметі
Студенттермен қарым-қатынас орнату	Диагностикалау, мақсат қою
Студенттерге мотивация беру	Мотивация
Тиімді стратегияны таңдау	Ұйымдастыру қызметі
Жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру	Түзету
Әлеуметтік ортаға сәтті бейімдеу	Интеграциялаушы

Ал отандық зерттеуші, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті З.М. Садвакасова тьютордың міндеттерін келесідей бөліп көрсетеді:

- қолайлы білім беру ортасын құру және ұйымдастыру;
- ЕБҚ студенттерін әлеуметтендіруші, тұлғааралық қарым-қатынас орнатушы;
- ЕБҚ студенттерінің білім беру бағдарламаларын меңгеруге көмектесуші;
- ЕБҚ студенттерін сүйемелдеуші [5; 60].

Зерттеуші тьютор қызметі студенттің алғашқы бейімделу кезеңінен бастап оқуын аяқтау кезеңіне дейінгі барлық уақытта сүйемелдеу, ілесіп жүруімен тікелей байланысты екенін жазады.

ЕБҚ студенттерін бейімдеуде педагог-психолог та ерекше рөл атқарады. Оның қызметі келесідей сипатта болады.

- ЕБҚ студенттерінің қажеттілігі бойынша психологиялық кеңестер беру;
- Психозмоционалды көңіл-күйін диагностикалау;
- ЕБҚ студенттерінде кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесу;
- Психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеу және қолдану;

– ЕБҚ студенттерінің бейімделу кезеңіндегі жәй-күйін бағалау [16; 49]. Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің бейімделу кезеңіндегі психологиялық-педагогикалық моделін әзірлеуде әлемдік және отандық зерттеушілердің тәжірибелері мен зерттеу еңбектерін назарда ұстадық.

Қорытынды

Жоғары оқу орындарындағы ерекше қажеттілігі бар студенттерді бейімдеудің психологиялық-педагогикалық қолдау моделі мен оларға қолайлы білім ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыс нәтижелері бойынша оң тиімділігі анықталды. Еліміздегі 8 жоғары оқу орындағы ерекше білім алу қажеттілігі бар студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау бағытында атқарылған жобалары инклюзивті білім беру жүйесінің жүйелі түрде қалыптасқанын білдіреді. ЖОО ерекше қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеуді психологиялық педагогикалық қолдаудың Батыс Еуропа, Ресей мен Қазақстандағы тәжірибелері талданып, тьюторлық пен психолог-педагогтың қызметі мен міндеттерінде ұқсастықтары бары анықталды.

Ерекше қажеттілігі бар студенттерді оқу процесіне бейімдеудің психологиялық-педагогикалық моделі Лайкерт шкаласы бойынша қажеттілікті анықтау сауалнамасы негізінде жасалды. Моделді ұсынуға бейімделудің мақсат-міндеттері, кезеңдері, принциптері мен әдістеріне сипаттама берілді. Сонымен қатар, тьютор мен психолог-педагогтың қызметі мен міндеттері айқындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Odintsova M.A. Psychological and Pedagogical Support for Students with Disabilities in Inclusive Educational Environment of University / M.A. Odintsova, E.I. Kuzmina, L.A. Aleksandrova, V.M. Lazareva // Psychological-Educational Studies. — 2019. — Vol. 11. — № 3. — P. 114–127. doi: 10.17759/psyedu.2019110310.
- 2 «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 ж. № 6 бұйрығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (Қаралған күні: 02.12.2023).
- 3 Карпушкина Н.В. Анализ моделей сопровождения инклюзивного высшего образования в странах Западной Европы / Н.В. Карпушкина, Е.А. Ольхина // Вестник Мининского университета. — 2016. — № 4. — С. 78–87.
- 4 Миронов А.С. Психолого-педагогическое сопровождение учебного процесса студентов с ограниченными возможностями и особыми образовательными потребностями в МГТУ им. Н.Э. Баумана / А.С. Миронов // Живая психология. — 2015. — Т. 2. — № 4. — С. 312–318.
- 5 Садвакасова З.М. Инклюзии в образовании: Технологии успешной адаптации студентов «группы риска» / З.М. Садвакасова // Вестник КазНУ аль-Фараби. Серия «Педагогические науки». — 2018. — № 2(55). — С. 56–64.
- 6 Аналитический отчет о реализации параметров Болонского процесса в вузах Республики Казахстан. — Нур-Султан, 2021. — 41 с.
- 7 Максимова Г.П. Модернизация воспитания в высшей школе на основе интеграции педагогики и искусства в медиасреде: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / Г.П. Максимова. — Ростов-на-Дону, 2007. — 25 с.
- 8 Дарьенкова Н.Н. Адаптация студентов первого курса к обучению в техническом вузе в условиях информатизации образования: дис. ... канд. пед. наук / Н.Н. Дарьенкова. — Н. Новгород, 2015. — 188 с.
- 9 Rollan K. Inclusive education reform in Kazakhstan: civil society activism from the bottom-up / K. Rollan, M. Somerton // International Journal of Inclusive Education. — 2019. — № 25 (10). — P. 1109–1124. <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1599451>.
- 10 Мағауова А.С. Моделирование психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в ВУЗ-е в условиях инклюзивного образования / А.С. Мағауова, Н.А. Талипова, Ж.Т. Махамбетова // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология». — 2021. — № 4(69). — С. 66–78.
- 11 Калиниченко Е.Д. Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамыту шарттары / Е.Д. Калиниченко, А.Қ. Қабдулова // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. — 2023. — № 3(144). — Б. 109–118.
- 12 Преимущества шкалы Лайкерта. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ru.surveymonkey.com/mp/likert-scale/> (Дата обращения: 01.01.2024).
- 13 Булатбаева А.А. Схематизация и моделирование в деятельности ученика / А.А. Булатбаева. — Алматы, 2014. — 136 с.
- 14 Ковалева Т.М. Профессия «тьютор» / Т.М. Ковалева, Е.И. Кобыща. — Тверь: «СФК -офис», 2012. — 246 с.
- 15 Попов К.В. Принципы тьюторского сопровождения процесса адаптации студентов на начальном этапе обучения в вузе / К.В. Попов // Альманах современной науки и образования. — 2010. — № 6. — С. 115–116.
- 16 Пономарёва Е.И. «Особые» студенты в учреждении высшего образования: модель психолого-педагогического сопровождения: практ. пособие для студ. учреждений высшего образования / Е.И. Пономарёва. — Барановичи: РИО БарГУ, 2013. — 132 с.

М.М. Молдаханова

Психолого-педагогическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями в процессе адаптации к обучению в вузе

В настоящее время в Казахстане увеличилось число студентов с особыми потребностями в процессе адаптации к обучению. Этим обусловлена актуальность проблемы адаптации и создания благоприятной среды в университете. Важным решением является процесс психолого-педагогического сопровождения. Модель психолого-педагогического сопровождения обучающихся включает в себя мероприятия по оказанию психологической поддержки, предоставлению услуг ассистента и тьютора, созданию благоприятной учебной среды, адаптации и интеграции в студенческое сообщество. Систематическая психолого-педагогическая поддержка способствует повышению успеваемости и улучшению психологического здоровья студентов с особыми образовательными потребностями. Целью данной статьи является разработка модели психолого-педагогического сопровождения адаптации обучающихся с особыми потребностями в высших учебных заведениях на основе их нужд. Внедрение комплексной программы сопровождения позволяет создать инклюзивную образовательную среду, в которой каждый студент сможет

реализовать свой потенциал и успешно адаптироваться к условиям высшего образования. Кроме того, проводится сравнительный анализ современных эффективных методов психолого-педагогической поддержки студентов с особыми потребностями в западных странах. Процесс адаптации дает возможность таким студентам полностью участвовать в жизни университета, социализироваться, выстраивать взаимоотношения с преподавателями и другими студентами. При написании статьи использовались эмпирические (диагностика, опрос) и теоретические (анализ, моделирование) методы научного исследования. В статье разработана и предложена модель психолого-педагогического сопровождения в процессе адаптации студентов с особыми потребностями в университете.

Ключевые слова: психолого-педагогическое сопровождение, студент, инклюзия, модель адаптации, ВУЗ, ассистент, тьютор, педагог-психолог.

M.M. Moldakhanova

Psychological and pedagogical support of students with disabilities and health capabilities in the process of adaptation to studying at a university

Currently, with the increasing number of students with special needs in higher education institutions in our country, the issue of adaptation and creating a favorable environment in universities has become relevant. An important solution to this problem is the process of psychological and pedagogical support. The model of psychological and pedagogical support for students includes measures for providing psychological assistance, offering the services of assistants and tutors and etc. The aim of the article is to develop a model of psychological and pedagogical support for the adaptation of students with special needs in higher education institutions based on their requirements. Implementing a comprehensive support program allows for the creation of an inclusive educational environment in which every student can realize their potential and successfully adapt to the conditions of higher education. Comparative analysis of modern effective methods was conducted. The adaptation process enables students with special needs to fully participate in university life, socialize, and establish good relationships with teachers and other students. In writing the article, empirical (diagnostics, surveys) and theoretical (analysis, modeling) research methods were used. The article develops and proposes a model of psychological and pedagogical support for the adaptation of students with special needs in universities.

Keywords: Psychological and pedagogical support, student, inclusion, adaptation model, university, assistant, tutor, educational-psychologist.

References

- 1 Odintsova, M.A., Kuzmina, E.I., Aleksandrova, L.A., & Lazareva, V.M. (2019). Psychological and Pedagogical Support for Students with Disabilities in Inclusive Educational Environment of University. *Psychological-Educational Studies*, 11, 3, 114–127. doi: 10.17759/psyedu.2019110310.
- 2 «Mektepke deingi, orta, tekhnikalıyq zhane kasıptıq, orta bilimnen keingi bilim beru, qosymsha bilim beru uıymdarynda psikhologııalyq-pedagogıkalıyq qoldap otyru qagıdalaryn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylım ministrinın 12.01.2022 № 6 buırygy [Order of the minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated 12.01.2022 No6 on approval of the rules for psychological and pedagogical support in organizations of preschool, secondary, technical and professional, post-secondary education, additional education]. (2022, 12 January). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> [in Kazakh].
- 3 Karpushkina, N.V., & Ol'hina, E.A. (2016). Analiz modelei soprovozhdeniia inkluzivnogo vysshego obrazovaniia v stranakh Zapadnoi Evropy [Analysis of models of support for inclusive higher education in Western European countries]. *Vestnik Mininskogo universiteta — Bulletin of the Minin University*, 4, 78–87 [in Russian].
- 4 Mironov, A.S. (2015). Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie uchebnogo protsessa studentov s ogranichennymi vozmozhnostiami i osobymi obrazovatelnyimi potrebnoostiami v MGTU imeni N.E. Baumana [Psychological and pedagogical support of the educational process of students with disabilities and special educational needs at Bauman Moscow State Technical University]. *Zhivaia psihologiya — Living Psychology*, 2, 4, 312–318 [in Russian].
- 5 Sadvakasova, Z.M. (2008). Inkluzii v obrazovanii: Tekhnologii uspeshnoi adaptatsii studentov «gruppy riska» [Inclusions in education: Technologies of successful adaptation of students of the “risk group”]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta imeni Al-Farabi. Seriya «Pedagogicheskie nauki» — Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. The Series “Pedagogical sciences”*, 2(55), 56–64 [in Russian].
- 6 (2021). *Analiticheskii otchet o realizatsii parametrov Bolonskogo protsessa v vuzakh Respubliki Kazakhstan [Analytical report on the implementation of the parameters of the Bologna process in universities of the Republic of Kazakhstan]*. Nur-Sultan [in Russian].

- 7 Maksimova, G.P. (2007). Modernizatsiia vospitaniia v vysshei shkole na osnove integratsii pedagogiki i iskusstva v mediasrede [Modernization of education in higher education based on the integration of pedagogy and art in the media environment]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Rostov-na-Donu [in Russian].
- 8 Dar'enkova, N.N. (2015). Adaptatsiia studentov pervogo kursa k obucheniiu v tekhnicheskome vuze v usloviakh informatizatsii obrazovaniia [Adaptation of first-year students to study at a technical university in the context of informatization of education]. *Candidate's thesis*. N. Novgorod [in Russian].
- 9 Rollan, K., & Somerton, M. (2019). Inclusive education reform in Kazakhstan: civil society activism from the bottom-up. *International Journal of Inclusive Education*, 25(10), 1109–1124. <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1599451>.
- 10 Magauova, A.S., Talipova, N.A., & Mahambetova, Zh.T. (2021). Modelirovanie psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniia studentov s osobymi obrazovatelnyimi potrebnoostiami v VUZ-e v usloviakh inkluzivnogo obrazovaniia [Modeling of psychological and pedagogical support for students with special educational needs in higher education institutions in the context of inclusive education]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abai, seriia "Psikhologiya" — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Series of "Psychology"*, 4(69), 66–78 [in Russian].
- 11 Kalinichenko, E.D., & Qabdulova, A.Q. (2023). Erekshe qazhettilikteri bar bilim alushylardyn kasibi dagdylaryn damytu sharttary [Conditions for the development of professional skills of students with special needs]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ultyq universitetinin Habarshysy. Pedagogika. Psikhologiya. Aleumettany seriasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series*, 3(144), 109–118 [in Kazakh].
- 12 Preimushchestva shkaly Laikerta [Advantages of the Likert scale]. [ru.surveymonkey.com](https://ru.surveymonkey.com/mp/likert-scale/). Retrieved from <https://ru.surveymonkey.com/mp/likert-scale/> [in Russian].
- 13 Bulatbaeva, A.A. (2014). *Skhematizatsiia i modelirovanie v deiatelnosti uchenika [Schematization and modeling in the student's activity]*. Almaty [in Russian].
- 14 Kovaleva, T.M., & Kobysheva, E.I. (2012). *Professiia «tutor» [The profession of "tutor"]*. Moscow: Tver: "SFK-ofis" [in Russian].
- 15 Popov, K.V. (2010). Printsipy tiutorskogo soprovozhdeniia protsessa adaptatsii studentov na nachalnom etape obucheniia v vuze [The principles of tutor support for the process of adaptation of students at the initial stage of study at the university]. *Almanakh sovremennoi nauki i obrazovaniia — Almanac of Modern Science and Education*, 6, 115–116 [in Russian].
- 16 Ponomaryova, E.I. (2013). «Osobyie» studenty v uchrezhdenii vysshego obrazovaniia: model psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniia. *Prakticheskoe posobie dlia studentov uchrezhdenii vysshego obrazovaniia ["Special" students in a higher education institution: a model of psychological and pedagogical support: A practical handbook for students of higher education institutions]*. Baranovichy: Regionalnyi Informatsionno-Obrazovatelnyi Otdel Baranovichskogo Gosudarstvennogo Universiteta [in Russian].

Information about the author

Moldakhanova, M.M. — 3rd year Doctoral Student in the Educational Program 8D01110 — “Pedagogy and Psychology”, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: moldakhanovam@list.ru.